

**Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдаудың (ақысыз пайдалану)
№ 369**

19.07.2022 жыл

Бұдан әрі «жалға беруші» деп аталатын «Ақтөбе облысының білім басқармасы Темір ауданының білім бөлімі» ММ "Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебі" КММ атынан басшы А.К.Кулунтаев бір тараптан және бұдан әрі «жалға алушы» деп аталатын Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы ММ ШЖҚ «Темір аудандық ауруханасы» МКҚ-ны атынан басшы С.Ж. Жанахметов екінші тараптан бірлесіп отырып Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы №413-IV «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының, Ақтөбе облысы әкімлігінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №347 қаулысымен бекітілген «Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» ММ Ережесіне сәйкес, «Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ 2022 жылғы 11 шілдедегі № 1-1/1823 және «Ақтөбе облысының білім басқармасы Темір ауданының білім бөлімі» ММ 18 шілдедегі №1661 хаты негізінде сонымен қатар «Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» ММ-нің 18.07.2022 №П-131 «Өтеусіз пайдалануға беру туралы» бұйрығына сәйкес мына төмендегі осы шартты (бұдан әрі- Шарт) жасасты.

1.Шарттың нысанасы

1.Осы Шарттың талаптарына сәйкес, Тенгерім ұстаушы Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Шұбарқұдық ауылдық округі, Шұбарқұдық кенті, Қызылжар шағын ауданы құрылыс №156 орналасқан «Ақтөбе облысының білім басқармасы Темір ауданының білім бөлімі» ММ "Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебі" КММ-ның баланысында тұрған, бұдан әрі «объекті» деп аталатын 17,43 м² медициналық кабинетті 2022 жылғы 19 шілдесінен бастап, 2027 жылғы 31 желтоқсан аралығында осы аталған объектілерді ақысыз пайдалану үшін жалға беруші мүліктік жалдауға (жалға алуға) береді, ал жалға алушы қабылдап алады. Көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін аталған шарттың әрекет етуі тоқтатылады.

2.Жалпы шарттар

3. Объектіні жалдауға беру жалға алушының,баланс ұстаушының өкілдері қол қоятын және жалға беруші бекітетін қабылдау-тапсыру актісі бойынша (беру сәтінде объектінің іс жүзіндегі жай-күйін көрсете отырып) жүзеге асырылды және осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

4.Жалға берушінің шартқа қол қоюымен және баланс ұстаушының жазбаша келісімімен тапсырылатын объектінің беру сәтінде кепілдікке қойылмағандығын, сатылмағандығын, тыйым салынбағандығын және шартқа қатысы жоқ үшінші тұлғалармен шарттың әрекет етуі ішінде тадап етілмейтіндігін куәландырады.

5.Жалға алушы өрт пен электр қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, жалдап отырған үй-жайлардағы техникалық құралдар мен инженерлік жабдықты дұрыс пайдалануға, сондай-ақ осы тармақта көзделген шарттардың тиісті түрде орындалмауының салдарына толық жауап береді.

3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері.

6. Жалға берушінің:

1) баланс ұстаушымен келісім бойынша объектіні, онда орналасқан желілер мен коммуникацияларды қайта орналастыруға немесе қайта жабдықтауға және қосалқы жалға беруге жалға алушыға жазбаша рұқсат беруге;

2) тараптардың келісімі бойынша шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізуге немесе оны бұзуға;

3) объектінің мақсатты пайдаланылуын тексеруді жүзеге асыруға құқығы бар.

7. Жалға алушының.

- 1) баланс ұстаушының жазбаша келісімімен объектіні, онда орналасқан желілер мен коммуникацияларды қайта орналастыруға немесе қайта жабдықтауға және қосалқы жалдауға беруге рұқсат үшін жалға берушіге өтініш жасауға;
- 2) жалға берушіге шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны бұзу туралы ұсыныстар енгізуге құқығы бар.

8. Жалға беруші:

- 1) шарт жасалған күннен бастап он жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қабылдау тапсыру актісі бойынша жалға алушыға баланс ұстаушының объектіні беруін қамтамасыз етуге және оны бекітуге;
- 2) шартта белгіленген тәртіппен жалға алушының объектіні иелену және пайдалануына кедергі келтірмеуге;

9. Жалға алушы:

- 1) қабылданған объектіні шартта көзделген мақсаттарда ғана пайдалануға;
- 2) объектіні тиісті тәртіпте ұстауға, объектіге немесе онда орналасқан инженерлік коммуникацияларға зақым келтіруі мүмкін әрекеттерді жасамауға;
- 3) объектіні дұрыс жағдайда ұстауға, өз есебінен ағымдағы жөндеу жүргізуге және мүлікті ұстау бойынша шығыстарды көтеруге, сондай-ақ тараптармен келісілген мерзімдерде күрделі жөндеу жүргізуге;
- 4) жалға алушының кінәнен және табиғи тозуға байланысты объектінің жекелеген элементтері істен шыққан жағдайда, өз қаражаты есебінен жөндеу жұмыстарын жүргізуге;
- 5) жалға берушінің алдын-ала жазбаша рұқсатынсыз объектіні, онда орналасқан желілер мен коммуникацияларды қайта орналастыруды немесе қайта жабдықтауды жүзеге асырмауға;
- 6) объектіге және объект орналасқан жер учаскесіне жалға берушінің санитариялық қадағалау қызметі және Қазақстан Республикасы заңнамасының және объектіні пайдалану мен қолдану тәртібіне қатысты өзге де нормалардың сақталуын бақылайтын басқа да мемлекеттік органдардың өкілдерін кедергісіз жіберуге, олар белгілеген мерзімдерде тіркелген бұзушылықтарды жоюға;
- 7) шартты бұзған немесе шарттың қолданылу мерізімі аяқталған жағдайда, жалға алушы мен баланс ұстаушы қолдарын қойған және жалға беруші бекіткен қабылдау-тапсыру актісі бойынша балансы ұстаушыға күнтізбелік он күн ішінде объектіні қайтаруды қамтамасыз етуге;
- 8) жалға алушының кінәсі бойынша объекті пайдалануға жарамсыз жағдайға келтірілген жағдайда, өз қаражатының есебінен қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асыруға;
- 9) объектіні жұмыс істемейтін немесе қанағаттанарлықсыз техникалық жай- күйде (нормативтік көрсеткіштерден асатын тозумен) қайтарған жағдайда, шығынды өтеуге міндетті.

4. Шартты мерзімінен бұрын бұрын бұзу шарттары

10. Жалға алушы шартты бұзғанға дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей бұл туралы жалға берушіні жазбаша ескерте отырып, шартты мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.
11. Жалға берушінің талабы бойынша мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру шарты бұзылуы мүмкін және объект жалға берушіге мынадай:
 - 1) егер жалға берушінің жасаған жазбашы ескертуіне қарамастан, жалға алушы объектіні шарттың талаптарын немесе объектінің мақсатын елеулі бұза отырып пайдаланған;
 - 2) егер жалға алушы шарт бойынша берілген объектіні нысаналы мақсаты бойынша пайдаланбаған;
 - 3) егер жалға алушы қасақана немесе байқаусызда объектіні елеулі нашарлатқан;

4) егер жалға алушы шартта белгіленген мерзімде, ал олар шартта болмаған кезде, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне немесе шартқа сәйкес күрделі жөндеу міндеттемесі жалға алушыға жүкелген жағдайларда ақылға қонымды мерзімдерде объектіге күрделі жөндеу жүргізбесе, жалға беруші жалға алушыға өз міндеттемелерін ақылға қонымды мерзімде орындау мүмкіндігін бергеннен кейін ғана шартты мерзімнен бұрын жоюды талап етуге құқылы;

5) жалға алушыға басқа объектіні оның жазбаша келісімінен кейін берген;

6) жалға беруші объектіні алып қою туралы шешім қабылдаған;

7) жалға берушінің атына баланс ұстаушы жазбаша өтініш жазған жағдайларда қайтарылады.

Шарт жалға алушының талабы бойынша мерзімінен бұрын мындай:

1) баланс ұстаушы шарттың талаптарына немесе объектінің мәніне сәйкес жалға алушының пайлануына объектіні бермеген не объектіні пайдалануға кедергі жасайған;

2) объектінің баланс ұстаушысы шартпен белгіленген мерзімде, ал олар шартта болмаған жағдайда-ақылғы қонымды мерзімдерде оған салынған объектіні күрделі жөндеу міндеттемелерін орындамаған;

3) жалға алушыға берілген объектілердің оны пайдалануға кедергі жасайтын, олар шарт жасасқан кезде жалға берушімен келісімеген ақаулары болған және шартты жасасқан кезде объектіні қарағаң және оның жұмыс істейтінін тексеру уақытында анықталуы мүмкін болмаған;

4) егер объекті жалға алушының жауап беруі мүмкін емес жағдаяттар салдарынан пайдалануға жарамай қалған жағдайларда бұзылды.

12. Шартты мерзімнен бұрын бір тарапты бұзу сот тәртібімен шағымдалуы мүмкін. Сот шешімі күшіне енгенге дейін объекті жалға алушыда сақталады, ол шартқа сәйкес жалдау ақысын төлеуді жалғастырады.

5. Ерекше жағдайлар

13. Шарт әрбір тарап үшін біреуден бірдей заңдық күші бар қазақ және орыс тілдерінде үш данада жасалады.

14. Шартқа өзгерістер мен толықтыруға тараптардың қосымша келісімге қол қоюы жолымен енгізіледі. Егер оларды осыған уәкілетті тұлғалар жасаған болса шартқа енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың күші болады. Барлық қосымшалар мен қосымша келісімдер осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

15. Егер жалға алушы өз қаражаты есебінен және баланс ұстаушының келісімімен және Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның (жергілікті атқарушы органдардың) жазбаша рұқсатымен объекті үшін зиянсыз ажырамас жақсартулар жүргізген жағдайда, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, жалға алушы шарт тоқтатылғаннан кейін осы жақсартулардың құнын баланс ұстаушы арқылы өтеуге құқығы бар. Жалға алушы жүргізген объектінің ажырайтын жақсартулары оның меншігі болып табылады. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, жалға беруші мен баланс ұстаушының келісімінсіз жалға алушы жасаған ажырамас жақсартулардың құны өтеуге жатпайды.

16. Мүліктік жалдауға (жалға алуға) тапсырған үшін жалдау ақысын есептеу объектіні қабылдау-тапсыру актісі бойынша объектіні баланс ұстаушыға қайтару сәтіне дейін жүргізіледі. Жалға алушы мен баланс ұстаушы қол қойған және жалға беруші бекіткен объектіні қабылдау-тапсыру актісі мүліктік жалдау (жалға алу) шартының бұзылу және аяқталу фактісін растайтын құжат болып табылады.

17. Осы келісім шарт қазақ тілінде екі данада жасалынады. Барлық көшірмелер бірдей және теңдей күшке ие. Тараптардың әр қайсысында бір данадан бар.

6. Дауларды қарау тәртібі

17. Осы шарттан немесе оған байланысты тараптар арасында туындауы мүмкін даулар келіссөздер жолымен, ал келісімге қол жеткізбеген жағдайда-сот тәртібімен шешіледі.

7.Тараптардың заңды мекежайлары мен банктік деректемлері

ЖАЛҒА БЕРУШІ:

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Темір ауданының білім бөлімі» ММ "Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебі" КММ

Заңды мекен-жайы

Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Шұбарқұдық ауылдық округі, Шұбарқұдық кенті, Қызылжар шағын ауданы құрылыс №156

БИН: 210240012369

Басшы

А.Қ.Кулунтаев

(қолы, мөрі)

ЖАЛҒА АЛУШЫ:

«Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Темір аудандық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны

Темір ауданы, Шұбарқұдық кенті, Қызылжар ш.а 51Б

тел/факс: 8 (71346) 2-20-56, 22057

e-mail:temir_crb@mail.ru

БИН:990140004238

БИК NSVKKZKX

ИИК KZ806017121000000339

АО "НАРОДНЫЙ БАНК КАЗАХСТАНА"

Басшы

Жанахметов С.Ж.

(қолы, мөрі)

АЛЫМ-БЕРІМ АКТІСІ

Шұбарқұдық кенті

«19» шілде 2022 жыл

№	Атауы	Саны
1	Шкаф стеклянный	3
2	Шкаф для одежды	2
3	Шкаф для документов	1
4	Кушетка	2
5	Стол письменный	2
6	Стулья	4
7	Ростамер	1
8	Весы	1
9	Ширма	2
10	Лампа	1
11	Кварц лампа	2
12	Холодильник	1
13	Тонометр	1
14	Термометр	5
15	Стеклянный столик	1
16	Бикс большой	1
17	Бикс маленький	1
18	Педальный ведро	1
19	Шина для верхних конечностей	5
20	Кварц тубусный	1
21	Коврик	1
22	Сантиметровая лента	1
23	Таблица для определения остроты зрения	1
24	Термоконтейнер для транспортировки вакцин	1
25	Грелка резиновая	1
26	Латок железные	1

ТАҒЫСЫРДЫ:

«Ақтобе облысының білім басқармасы Темір ауданының білім бөлімі» ММ «Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Басшы

А.К.Кулунгаев

«19» шілде 2022 жыл

ҚАБЫЛДАДЫ:

«Ақтобе облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ ШЖҚ «Темір аудандық ауруханасы» МКҚ-ның басшысы

С.Ж.Жаңахметов

«19» шілде 2022 жыл

№	Мектеп атауы	Мекен-жайы	Мед.кабинеттің шаршы метірі
1	№1 Шұбарқұдық мектеп-гимназиясы	Асау-барақ №1 көшесі	15
2	Шұбарқұдық қазақ-орыс жалпы орта білім беретін мектебі	Техникум көшесі №1	16,50 15,80
3	№3 Шұбарқұдық жалпы орта білім беретін мектебі	Жамбыл көшесі №1	13,2
4	№4 Шұбарқұдық жалпы орта білім беретін мектебі	Н. Байганин көшесі	12,4
5	№5 Шұбарқұдық бастауыш мектебі	Депо көшесі	Жоқ
6	№6 Шұбарқұдық негізгі-орта мектебі	Северная көшесі №50	9,8
7	Шұбарқұдық гимназиясы	Кереев көшесі №3	13,11
8	Бабатай жалпы орта білім беретін мектебі	Турдалы ұлы көшесі зания 2	15
9	Ж.Кереев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі	Гагарин көшесі №20	12,7
10	Шұбарши жалпы орта білім беретін мектебі	Аэродром көшесі №21А	18
11	Кенкияк жалпы орта білім беретін мектебі	Балуанов көшесі №11Б	15,40 13,20
12	Н.Байганин атындағы мектеп-балабақшасы	Н.Байганин көшесі №21	7,3 4,3
13	С.Байшев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі	Ы.Алтынсарин көшесі	16
14	Теректі мектеп-балабақшасы	Мектеп көшесі №22	17,10
15	Абай атындағы жалпы орта беретін мектебі	Құмқұдық ауылы Мектеп көшесі №6	19,8
16	Құмсай негізгі орта мектебі	Жауымбай Обай көшесі	24
17	Еңбекші мектеп-балабақшасы		16,2
18	Алтықарасу мектеп-балабақшасы	Мырзағұлов көшесі	14,1
19	Ә.Молдағұлова атындағы негізгі- орта мектеп	Ә.Молдағұлов көшесі №6	жоқ
20	Қопа орта білім беретін мектебі	Қопа ауылы	20,8
21	Саркөл жалпы орта білім беретін мектебі	Саркөл ауылы	15,90
22	Жамбыл негізгі-орта мектебі	Бейбітшілік көшесі	35
23	М.Әуезов атындағы негізгі-орта мектебі		18
24	Кенесту негізгі-орта мектебі	Қалмаққырған ауылы	19,16
25	Сартоғай негізгі-орта мектебі	Сартоғай ауылы	жоқ
26	Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебі	Шұбарқұдық кенті, Қызылжар ш.а құрылыс №156 көшесі	17,43